

**Жас дарын Ержігіт Сармырзаевтың «Күтеді мені өнердің бір биігі»
атты шығармашылық кешінің
СЦЕНАРИЙІ**

Лэд экранда негізгі заставка жазылады. Кеш өтетін орын тақырыпқа сәйкес безендіріліп, дыбыс күшейткіш аппаратурасы құрылып тұрады. Құрметті қонақтар мен көрермендер толық жиналған соң арнайы музыкалық фанфар беріліп, Ержігіттің монологымен кеш шымылдығы түріледі.

Алыстан «Ержігіт!» деген дауыстар естіледі. Арнайы музыка фонында сахнада жас дарын Ержігіт өз монологын оқиды.

Ержігіт: Кім шақырды дауыстап,
 Менің атым аталды.
 Жаным күнмен қауышпақ,
 Сүйдім кие Отанды.

 Мен де өмірдің жырымын,
 Анамның көз нұрымын.
 Тектен өнер тілеген,
 Сырдың қайсар ұлымын.

 Өлең жаттап өскенмін,
 Сан жұмбақты шешкенмін.
 Бүгінімді байрақтап,
 Ертеңімді ескердім.

 Ержігіт деп атымды,
 Топқа қосып жіберді.
 Білем арғы затымды,
 Өнер барда төрт құбылам түгел-ді.

 Кеп тұрады жан сарайды ақтарғым,
 Мандайымды сипағандай мақтан күн.
 Шетелдерде талантымды тұмарлап,
 Қазақпын деп, қазақпын деп мақтандым!

Алда әлі таңғажайып көктемім,
Өлең, өнер - ерік-жігер, от демім.
Менен үміт күтетұғын жүрекпен,
Анам менің бақытым да бапкерім.

Күн мен түн күмбезім боп елестеді,
Керек, керек айдардан жел ескені.
Сыр сұңқары келеді қанаттанған,
Күт мені хас өнердің белестері!

Ержігіт қол бұлғап сахнадан шығып кетеді

Музыка өзгеріп, сахнаға 2 жүргізуші шығып кіріспе сөздерін айтады.

Фанфар. Жүргізуші сөзі

1-жүргізуші: Армысыздар, құрметті өнер сүйер, өлең сүйер әлеумет!

2-жүргізуші: Қайырлы күн, ханымдар мен мырзалар!

1-жүргізуші: Мына шеті Қаратау мен ана басы Сексеуілге дейінгі аралықта Сырдың бойын ен жайлап жатқан елде бабасы ту ұстаған, атасы сөз ұштаған, қасиет қонып, өсиет арқалаған айбоз ерлердің, туымды ұлдардың болмауы мүмкін емес. Бүгін біз осындай тума таланттың өзгеше әлеміне сапар шегетін боламыз.

2-жүргізуші: Сырдың абыз ақсақалы, даңғайыр жырау Алмас Алматов «Біз өнерге бір күнде келген жоқпыз және бір күнге келген жоқпыз» демекші, «өнерге бір күнге келмегенін дәлелдеу» жолында ұлы мұратын, үкілі үмітін аялап жүрген, өзін өнерінен, өнерін өмірінен бөліп жармайтын жас дарын, жалынды өнерпаз, Тәкей Есетов атындағы іргелі білім ордасының шәкірті Ержігіт Сармырзаевтың «Күтеді мені өнердің бір биігі» атты әдеби-сазды кешіне қош келдіңіздер!

1-жүргізуші: Бүгінгі кешті ашып беріп, жас талантқа жүрекжарды лебіздерін білдіру үшін Тәкей Есетов атындағы № 264 мектеп-лицейіміздің директоры Тумурзаев Бек Сұлтанбекұлын және кешіміздің құрметті қонақтары, Қызылорда облысының Мәдениет және спорт басқармасының басшысы Қазыбекова Мира Жомартқызын,

Қызылорда қалалық әкімдігі, Аппарат басшысы **Жасұлан Уәлиұлын,**

Жастар театрының жетекшісі, Ақын, Сценарист, Қазақстан
Республикасының Мәдениет қайраткері **Оңталап Дүйсенәліұлын,**

Қалалық Мәдениет және спорт бөлімінің басшысы **Жағыпар Айтбайұлын,**

Нартай Бекежанов атындағы музыкалық драма театры басшысы, үш дүркін
алтын домбыра иегері, айтыскер ақын **Мұхтар Мәуленұлын**

Асқар Токмағамбетов атындағы Мәдениет үйінің басшысы **Эльмира
Қожасқызын** сахна төріне шақырамыз!

Стойка микрофон қойылады

2-жүргізуші: Лебіздеріңізге рахмет, келесі кезекте елін, жерін
құрметтеген жас дарын, мектеп-лицейіміздің өнерлі шәкірті Ержігіттің
орындауындағы Серікзат Дүйсенғазиннің сөзіне жазылған Арман
Бексұлтанның «Ұлы дала» әнін қабыл алыңыздар!

/келесі әнді Ержігіт өзі хабарлайды/

Ержігіт: Армысыздар, қадірлі ұстаздар, ардақты ағалар, аяулы жас
достар! Менің кішкентай ғана талабымды қолдап, қанатымнан демей келген
пейілдеріңізге көп рахмет!

Көңілдерге жақсын өлеңім,
Бақ-мұратын тапсын өнерім.
Келесі орындар ән –
«Мен сіздерді жақсы көремін!»

Ержігіт: Досы көпке тағдыр алдан жол ашқан,
Жігіт болсам ат оздырған Алаштан!

Келесі тыңдайтын әндеріңіз – сыныптас
достарымызбен бірге орындайтын «Достығымыз
жарасқан» әнін қабыл алыңыздар

1-жүргізуші: Сөз басында айтып өткендей, бүгін біз Ержігіттің жан-жақты қырларын ашып көрсететін боламыз. Оқуда да, өнерде де оқ бойы озық болып, бос уақыттарында «Айбала» телебағдарламасын жүргізіп, барлығына үлгеріп жүретін Ержігіттің жуырда кино әлеміне де қадам басқанын көпшілік біле қоймауы мүмкін.

2-жүргізуші: Иә, дұрыс айтасың, біздің Ержігіт жазғы демалысын текке өткізбей «Мұрагерім» атты отандық фильмнің Түркия, Грузия мемлекеттерінде және өз елімізде өткен түсірілім жұмыстарына қатысып қайтты.

1-жүргізуші: Және ол фильмнің қараша айында Алматы қаласында тұсаукесер рәсімі де өтті. Олай болса басты рөлдердің бірін Ержігіт сомдаған «Мұрагерім» фильмінен қысқаша үзіндіні назарларыңызға ұсынамыз!

/лэд экраннан фильмнен үзінді беріледі/

2-жүргізуші: Жас дарынның кино әлеміне қадамы қазақ кино өнерінің жауһарына айналған «Менің атым Қожа» балалар фильмінен басталыпты. Балалар әдебиетінің классигі Бердібек Соқпақбаев шығармасының желісі бойынша режиссер Абдолла Қарсақбаевтың «Менің атым Қожа» кинотуындысына биыл 60 жыл толып отыр. Иә, ойын ойымен, бала қиялымен әр қазақтың жүрегін жаулаған Қожа, қанша тентек болса да, айнаға қарап өзін түзеп алатын Қожа - Ержігіттің де қиялына қанат бітіріп, арманына арқау болған екен.

*«Менің атым Қожа» сахналық көрініс
Біткен бойда екінші көріністі өзі хабарлайды*

Ержігіт: Қадірлі көрермен, ыстық ықыластарыңызға рақмет! Мен осы мектепке ауысып келген кезімде даңқты қайраткер, біртуар тұлға Тәкей Есетов атындағы қара шаңырақта, мектеп киностудиясы өз Қожасын іздеп, «Біздің мектептің Қожалары» атты байқау жариялаған еді. Сол байқауда ақын Ұлықбек Бекұзақұлы ағам Қожаның ізімен менің монологымды жазып беріп, жеңімпаз атандым. Ендеше Ержігіттің монологын қабыл алыңыздар!

Ержігіттің монологы